

«Керемет» бастауыш мектеп – балабақша кешені

***Ата-аналар жиналысының
хаттамасы №1***

Тәрбиеші: Бітімбай М

2020-2021 жыл

Хаттама №1

Түркістан қаласы

15.09.2020 жыл

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: 12

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

- 1.Танысу.Топпен,топтың атауымен, тәрбиешілерімен.
- 2.4-5 жас топ бағдарласымен таныстыру.
3. оқу іс-әрекет түрлерімен таныстыру.
4. Келісім шартқа отыру.
5. Ата-аналар төрайымын сайлау.
6. Ата-аналарға арналған ситуациялық сұрақтар.

Тыңдалды:

1.Ата-аналар жиналысын меңгерушісі Алма Анарбайқызы ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.Балабақшаға келген әрбір бала осы балабақшаны бітіріп кеткенге дейін осы үйдің туған бөбегіндей болып тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды, жетіледі.Балаларыңыз балабақшаға қабылданғаннан бастап тәрбиешілер олармен жеке жұмыс жүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыпт астыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Балабақшаның бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады,яғни таңертеңгілік жаттығу,таңғы ас, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, түскі ас, түскі ұйқы,ұйқыдан ояну, бесінді асы,ойын түрлері- барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады.Бұл топ балалары 4 пен 5 жас аралығында болғандықтан, мектеп алды даярлық тобы,яғни «Ертөстік» тобы.Тәрбиешісі Бітімбай Мөлдір Маралбекқызы

2. Тәрбиеші Бітімбай М. ата-аналарға ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерімен таныстырды.Мектепке даярлық тобында «Зерек бала» бағдарламасымен жұмыс жасайды. Бұл топта 24 сағат

ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өтеді, 4 сағат вариативтік компонент түрінде алып отырмыз.

3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұзақтығы 25-30 мин. Тіл дамыту, Сауат ашу, Көркем әдебиет, айналамен таныстыру, Орыс тілі, бейнелеу өнері (мүсіндеу, сурет, жапсыру), құрастыру, Қарапайым математика, Қоршаған орта, экология, валеология, дене шынықтыру, Өзін-өзі тану, сонымен қатар вариативтік оқу іс-әрекеттер түрлері Сиқырлы математика, Қол еңбегі, бала тілін дамыту, аңылшын аптасына өтіліп отырады. Мерекелік ертеңгілігіміз өтіліп отырады. Мерекеде, әуез, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жүргізіледі. Және де әр мереке сайын балаларға такпактар, өлеңдер, билер үйретіледі. Мерекеге сай балаларыңызды киіндіріп жіберіп отырасыздар және де келіп көрулеріңізге де болады. Әр ата-ана өз пікірін айтты.

4. Ата-аналарды балабақшаның келісім шартымен таныстырып, оны әр ата-анаға таратып берді. Келісім шарт балабақшаға келген күннен бастап өз күшіне енеді және де бір жылға ғана жарамды. Келісім шарттың барлық бөлігіндегі міндеттерді орындау екі жақтың да міндеті. Әр айдың 10-на дейін балаларыңыздың тамақтануына төлемақыны уақытылы төлеп қоюға міндеттісіздер дей келе, ата-анаға балаларын балабақшаға 8.30-ға дейін әкеліп, кешкі сағат 18.00-ге дейін алып кетулерін, және де баланың үстін таза етіп әкелулерін ескертті.

5. Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылды. Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрақтарға ауызша жауап берді.

6. Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, орталарынан қолы бос, жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады.

Олар: ата-ана комитетінің төрайымы: Асилекова Айгерім

Мүшелері: Курышбекова Жанна

Қойшығұлова Гүлсім

Сатыбалдиева Гүлмира

Жиналыс қаулы етті:

1. Балабакша күн тәртібі қатаң сақталсын.
2. Келісім шарттың барлық шарттары орындалсын.
3. Балабакша іс шараларына әр бала уактылы қатыссын.

Хатшы:  Курышбекова Жанна
Төрайымы:  Асилекова Айгерім